

Егемен Қазақстан

Періште көңіл поэзия



Мына жарық дүниенің дидарында ниеттес, тілектес, пікірлес, өзіме болған өзгеге де болсын деген, аузын ашса жүрегі көрінетін, ақ тілеулі жандар қаншама. Бір ғажабы, олар Жер шарының әр қиырында тұрып, бір-бірін танымауы да мүмкін. Алайда, сол азғантай адамдардың ниетіне қарай жұмыр Жер жүрісінен жаңылмай, күн орнынан шығып, ай уақытында туып тұр ма деп ойлаймын. Жарық дүниеге адамзаттың бәрін бауырым деп сүйетін данышпан Абайдың көзімен қарайтын сондай аяулы жандардың бірі, кішіліктің жолын бұзбай, кісіліктің туын жықпай, халқына қадірлі, еліне елеулі болған ақын – Күләш Ахметова.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Жамбыл облысының құрметті азаматы, жиырмаға жуық жыр жинақтарының авторы, ақын Күләш Ахметованың өлеңдері өмірдің өзіндей қарапайым, өмірдің өзіндей түсінікті.

Қазақ поэзиясы ХХ ғасырда құлпырып, ерекше күйге енді. Әлемдік жауһарлардың қатарына ұялмай қосатын шығармалар дүниеге келді. Мұңлы муза иесі, жырдың Хан Тәңірісі Мұқағали, асықпай ағып, ұзаққа баратын өзендей Жүмекен, тентек мінез Тоқаш, қайсар мінезді Фариза, нәзік сезім иесі Күләш болып түрлене түсті.

Азаматтық үнінің айқындығымен, нәзік сыршылдығымен ерекшеленетін Күләш Ахметова шығармалары туған елді сүю, адалдық, достық, махаббат сезімдерін ту етеді. Адамның көңіл-күйі, жан әлеміндегі құбылыстар, әйел тағдыры – ақынның лирикалық толғаныстарының желісін құрайды.

Күләштің «Туған жер» деген тырнақалды өлеңі 14 жасында жарық көрген екен. Содан бері алтын бесік – атамекенін жырлаудан танбай келеді. Күләш жас кезінде атақты Ұлбике апасына ұқсап айтыстың ауылына да ат шалдырған. Бұл жайында Күләштің өзі: «Жамбылда медициналық училищеде оқып жүргенде облыстық айтысқа қатыстым. Сол айтыста қазылар алқасының төрағасы болған Кенен Әзірбаев: «Ат жақты, қыр мұрынды екенсің, жақсы ақын боларсың», деп батасын берген еді», дейді.

«Өнерді адамның жан дүниесін емдейтін рухани шипа деп қарасақ, айтыс – жедел жәрдем сияқты да, жазба әдебиет асықпай емдейтін ине секілді», деген пікірдегі Күләш, алайда, соңғысына біржолата ден қойды. 1968 жылы ақын Өкім Жайлауов аға:

– Мырзаш, болашақта жақсы ақын болады деп мына екі қарындасыңды алып келіп тұрмын, бірінің аты – Күләш, бірінің аты – Ізімкүл, көз қырынды саларсың – деп, тұлымы

желбіреген екі қызды қолыма тапсырып еді. Ізімкүл университетті бітірерде менің жетекшілігіммен Ұлбике ақыннан диплом жұмысын қорғады, ал Күләш, Өкім аға айтқандай, ақын болып шықты. Содан бері көзімізден таса болған жоқ, үнемі толысу үстінде келеді. Өзінің жырымен оқушыларының мейірін қандырып, көкейіндегісін табумен, халқын қызғыштай қорғаумен келеді.

«Поэзия адамның жан дүниесінің сұлулығы. Қазақтың қыр соңынан қалмай келе жатқан екі кемшілік бар: бірі – жалқаулығы, екіншісі – бірін-бірі мойындамайтын менмендігі. Осыдан арылуымыз керек», дей келе, ақын қазақты қызғыштай қориды:

Қазақты жамандама, қазақ бала!
Халық қой қазақ деген аз-ақ ғана.
Осынау Ай үстінде, Жер үстінде,
Қазақтың жанашыры қазақ қана!

Сен – қазақсың! Қазақ едің туғанда!
Онда, дүние тағылымынан үлгі ал да,
Атажұрттан, ана тілден айырылма,
Төбеңде күн, төменде Жер тұрғанда!

Күләш жайында, оның шығармашылығы туралы аз жазылған жоқ. Жиырма бір жастағы ақын қыздың жауқазын өлеңдері 1967 жылы әдебиетіміздің алыптарының бірі Сәбит Мұқановтың назарын өзіне аудартыпты. Сол кездегі жастардың сүйікті басылымы «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Балауса өлең өрісі» деген мақаласында С.Мұқанов әдебиет есігінен имене аттаған бір топ жас ақындардың жаңа жырларына барлау жасай келіп, Күләш Ахметованың «Көңілдің кейбір күйлері», «Жеңеше» деген өлеңдеріне жылы пікірін білдіреді. «Жеңеше» деген өлеңде соғыста өлген ағасының әруағын күзетіп, шаңырағын шайқалтпай отырған қазақ әйелінің бейнесі шынайы суреттеледі. Расында да сол соғыстың салған тақсиреті қазақтың бір де бір шаңырағын айналып өткен жоқ. Мәселен, біздің ауылда Іңкәшай деген жақын жеңгеміз де бүгін келін боп түсіп, ертеңіне ағамыз соғысқа аттанып кетті. Шымылдығы желбіреп жас қалды. Өле-өлгенше ерінің жолын тосумен өтті, жарықтық...

Күләштің 1977 жылы жарық көрген «Сен менің бақытымсың» деп аталатын жыр жинағына әдебиетіміздің алыптарының бірі Әбділда Тәжібаев ақжарма тілегін арнап, «Күләш Ахметова – ақын» деп жалпақ елден сүйінші сұрайды. Әбділда сол мақаласында ақынның:

Құлағанды деме де, бақытты қыл,
Бақыттының тұнығын лайлама.

Масқара қыл, аяма, әшкере қыл,
Атақ үшін атасын сататынды.

Өмір – бәйге, замандас озып келсе,
Күбірлемей, күндемей, күліп қара,

– деген өлең жолдарын көшеге жазып іліп қоюға болатын есті шумақтар деп бағалайды. «Күләш жырлары мені қатты қуантты. Таза сағыныштардан, жарық армандардан туған мұнды, мөлдір жырлар әуендеріне үн қосқандай сезіндім, жыр құдіретімен жаңғырғандай, жаңа дүниеге кіргендей жадырадым. Біздің бақытты республикамыздың жас бұлбұлдары осылай молая беру керек!» деп жас ақынға батасын береді.

Тегінде, шын ақындар өлең жазбайды, оларға өлең қонады, көктен құйылып түседі. Мәселен, өз басым Мұқағалиды сондай ақын деп ойлаймын. Мұқағалидың: «Сен маған шарфыңды бер, шарфыңды бер, Сырдың желі мойнымды шарпып жүрер», дейтін ғажайып өлеңінің Күләшқа арналғанын бүгінде біреу білсе біреу біле бермейді. «Ақынды ақын түсінбесе – сол қайғы, Ақынды ақын қолдамаса болмайды», деп жырлаған Мұқағали мен

Күләштің жырларының арасында ерекше рухани жақындық бар. Мұқағалиды Күләш алғаш рет 1966 жылдың мамыр айында жазушылардың V съезінде көреді. Он жылдай шығармашылық байланыста болады. Бір ғажабы, 1976 жылы Мұқағали өмірден қайтқан күні Күләш түс көреді. «Сағымды сайын далада бір сырлы бесік тұр екен. Мұқағали маған қарап: «Бұл бесікті енді сен тербет», деп аманат арқалатқандай болды», дейді. Ақындықты Алланың берген сыйы деп қабылдаған ақындар арасында көпшілік біле бермейтін рухани байланыс болады дегенге осыдай кейін қалай иланбассың.

Әрине, Күләштің өмір жолы тақтайдай тегіс болған жоқ. Ол өз өмірі жайында: «Анам Бекзада менің алты жасымда көз жұмғаннан кейін, інім Бақтияр екеуміз әжем Молшаның тәрбиесінде болдық. Әжеміз Ұлбике ақынның ұрпақтарының бірі болғандықтан болар, өте шешен, өте зерделі жан еді. Үшінші сыныптан бастап тіл ұшыма өлең орала берді. Жетінші сыныпта «Анама», «Туған ел» деген тақырыптарда өлең жаздым. Әжем 16 перзент көтерген, айтысқа қатысқан әнші кісі еді, ауылдастары «Үкілі келін» деп атайтын. Әулеттің үлкен әжесі Үміт те астауын алтынмен аптатып, итаяғын күміспен күптетіпті делінетін, үйінде ат басындай алтын бар деп ел аңыз таратқан Өтеулі байдың келіні болатын», дейді.

Ақын: «Бұл дүниеде бәрі ниетке орай беріледі. Менің пайымдауымша, шын ниеттенген адам қалайда мақсатына жетеді. Менің мақсатым – айласыз, қулық-сұмдықсыз, тыныш тіршілік кешіп, әуелі ұрпақтарыма, жастарға, бір нәрсе айту», дейді. Ақынның өмірде де, өленде де ұстанған ұстанымы осыған саяды.

Қазақта: «Тегінде бар тек жатпайды», деген сөз бар. Күләш өлең қонған, домбыра дарыған Талас өңірінің Үшарал ауылында дүниеге келген. Арғы тегі шетінен ығай мен сығай, кеуделері шежіреге тұнған, алтын сандық кеуделі, кәрі құлақ, ескі көздер еді.

Солардың ішінде алдымен ауызға ілігетіні – Ұлбике Жанкелдіқызы (1825-1849) XIX ғасырда өмір сүрген, қазақтан шыққан ақын қыздардың ішінен ең алғаш айтыстары кітапта жарық көрген ұлы ақын. Ұлбикенің әкесі Жанкелді де, анасы Жаңыл да ақын болған. Арғы тегі түгел ақын, ақындық үзілмеген әулеттен шыққан дарын. Ол Қызылорда облысының бұрынғы Тереңөзек ауданында туып, Сырдың бойында дүниеден өтеді. Ошақтыдан айтыскер ақын қыздар көп шыққан. Солардың ең соңғы үздігі Жаңылдық апамызды мен көрдім. Өз өнеріне мас болып жүрген ақын қыз: «Жаңылдық жас күнімнен өзім маспын, жігіттер қолға ұстайтын гауһар таспын» деп айтысады екен жарықтық.

Ұлбике – айтыс өнерінің негізін салған кісі. Оның айтыстарын ең алғаш академик В. В. Радлов Петербургте 1870 жылы бастырып, кейін орыс, неміс тілдеріне аударып жариялайды. Ә.Диваев пен Мәшһүр Жүсіп те ақын мұрасын ыждағатпен жинаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Қайым айтыс Ұлбике мен Күдеріден басталады, олардан бұрын ондай айтыс болған жоқ», – деп жазады.

Қысқа ғана ғұмырында Ұлбике Күдеріқожамен, Майлықожамен, Мәделіқожамен, Таспақожамен, Сералықожамен, Жанкел ақынмен айтысады. Көбірек айтысқан ақыны – Күдеріқожа.

«Өлеңнің тандайында ұясы бар» Ұлбикедей ақыннан жеңіле берген соң Күдері әкесінен: «Ұлбикені қайтсем жеңем, Ұлбикені тоқтататын бір сөз тауып бер», деп сұраған екен. Сонда әкесі: «Балам, Ұлбикемен айтысамын десең Бұхараға барып үш жыл оқып кел», – депті.

Ұлбикенің Күдерімен 4-5 айтысы сақталған. Сексен шумақтан тұратын бір айтысын мен өткен ғасырдың жетпісінші жылдары ақын Төреқожа Ханқожаұлынан жазып алған едім.

Ұлбикенің тағдыры өте аянышты. Күйеуі Бойтан қайран ақынның аузына қақпақ, басына тоқпақ болады. Қайын атасы мен енесі де күн көрсетпейді. Ақырында, асыл Ұлбикені күйеуі қызғаныштан ұрып өлтіреді. Сөйтіп, қазақ халқының жырының бағына туған, кеудесі өлеңге тұнған, тандайына өлең ұя салған аяулы Ұлбике жиырма төрт жасында өмірден өтеді. Артына өшпес мұра қалдырды. Мұхтар Әуезов те, Сәбит Мұқанов та Ұлбикенің ақындығын жоғары бағалады.

Әдетте, жұрт біреуді біреуге ұқсатып, бір ақынды бір ақынмен салыстырып, жарыстырып жатады. Күләш ақын ретінде де, азамат ретінде де ешкімге ұқсамайды. Не жазса да толғап жазады, түп тереңінен қозғап жазады. Жырдан жақұт шашып, маржан төгіп, мейірімін құйып тұратын ақын.

Ақын шығармашылығының негізгі өзегі, тозбайтын мәңгілік тақырыптар – адами қасиеттер, иман мен ізгілік қасиеті. Ақынның азаматтық үні мен терең танымы төмендегі жыр жолдарынан айқын аңғарылады:

Алла – бір,
Барлығынан Сол ғана асқан,
Қарасам, ғаламатқа толған аспан.
Жұлдыздар керуен түзеп кеңістікке,
Тәңірлік шеберлікпен орналасқан.
Ақын данышпан Абаймен де осы тұстан үндеседі.
Ойды аяймын ұқпаған ұлы Абайды,
Көзді аяймын көрмеген құралайды.
Түзетем деп әлемнің кемшілігін,
Әуре болған ақынды кім аяйды?

Осыдан кейін Мұқағалидың «Барлық ақын бір анадан туыпты» деген өлең жолдарына қалай тәнті болмассың.

Күләштің мінсіз поэзия жасаудағы шеберлігін, шыншылдығын, өлең қонған қасиетін Мұқағалиға көбірек ұқсатамын. «Жапырақ – жаздың жүрегі» дейтін өлеңінде:

Солай, алда әртүрлі тұрар сындар,
Тұрарсындар, әртүрлі ән құрарсындар.
Нәзіктерім, сендермен сырласайын,

Менің нәзік жанымды ұғарсындар, – дейтін Күләш, «Көгершіндер, көгерсін жер, әйтпесе өлерсіңдер» – деп ерте көктемде бүрсеңдеп терезесінің алдына қонған көгершіндерге жем беріп отырған Мұқағалидан аумайды.



Қысқасы, жер-көкті, туған халқын қалтқысыз сүйген ақын жар салып, әлемді, адамзатты, табиғатты қорғауға шақырады. Күләш жырларының басты құны да осында. Ондай жырлар ешқашан өлмейді, адамзатпен бірге жасай береді.

Елу жылдан астам тынымсыз шығармашылық өмірінде К.Ахметова «Ақ гүлім менің» (1975), «Сен менің бақытымсың» (1977), «Жапырақ – жаздың жүрегі» (1979), «Махаббат жылы» (1980), «Мейірім» (1981), «Ләйлектер қайтып келгенде» (1985), «Арғымақтар даласы» (1987), «Сен жанымда жүрсің» (1989), «Наурыз нұры» (1991), «Күн шыққанда күліп оян» (1996), «Өкініш әні» (1997), «Бак» (2006), «Құт» (2006), «Махаббат» (2006), «Менің сәулелі сәттерім» (2015), «Орман» (2015) атты жыр жинақтарын дүниеге әкелді. Кітаптан кітапқа үздіксіз өсумен, толысумен келеді.

Қаламы мен қарым-қабілетіне ғана сүйенген Күләшті атақ-даңқ адаспай өзі іздеп тапты. 2006 жылы «Құт» кітабына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қай бір жылы жазушы Мархабат Байғұт Елбасы Н.Назарбаев жайында «Егемен Қазақстан» газетіне «Сәби күлкісі сақталған кісі» деген мақала жариялаған болатын. Сол айтқандай, Күләш та сол сәби сезімін, бала мінезін сақтап қалған ақын. Қуанса ақ жарылып шын қуанады, қайғырса шын қайғырады. Оған төмендегі жыр шумақтары дәлел:

Мен бір бақыт іздеп жүрмін, достарым,
Ұқсамайтын бақытына басқаның.
Жұлдыздардай жарық әрі биік тым,
Сол бақытты іздеп жүріп жиі ұқтым.
Ортақ болу керек оған достарым,
Бауырларым, сәбилерім, сүйіктім.

Күләштің біреуді жамандап, сыртынан ғайбат сөз айтқанын, біреудің көңілін қалдырғанын халық білмейді. Жақсы адамдар сирек қосылады деп жатады. Бір тәмсілде Жаратқан иеміз бір жақсы бір жаманнан қосып отырады деп айтылады. Құдіреттің көзі қалғып кеткенде екі жақсы қосылатын болса керек. Күләш пен Қайырбек те сол соңғылардың қатарынан. Көз тимесін, бір біріне сай қосылған. Жазира мен Жарқындай алтын перзенттерінен немере сүйіп отыр. Менің бір күнделігімде: «Жұрт немере тәтті дейді. Иә, немере тәтті, бірақ ол шөбере сүймегендердің сөзі. Шөбере одан да тәтті», – деп жазғаным бар еді. Күләш пен Қайырбекке жақсы қартайындар, елдің алдында қол ұстасып, жұптарыңды жазбай, баянды ғұмыр кеше беріңдер, деген тілек айпақшымын.

Сәуір айының салқын самал ескен күндерінің бірінде дүниеге келген, тұлымшағы желбіреген Таластың аруы бүгінде жетпісінші көктемін қарсы алып, Алаштың аяулы да айтулы ақынына айналды. Ендеше:

Халқым аман болса деп көзімді іліп,

Халқым аман болса деп оянамын, – деп жырлаған періште тілек ақынның мерейтойы құтты болсын.

«Маған ұлттық идея не десе, мен ұлтты сүю, қазақты сүю дер едім. Еліңді, жеріңді, тарихыңды, дәстүріңді, тіліңді, дініңді, ұрпағыңды, мұратыңды сүю – түгелдей осы қазақты сүюдің аясына кіреді», деген екен Күләш бір сұхбатында. Қара шаңырақтың амандығы үшін, Қазақ деген ұлттың ұлы мұраты үшін, Ұлы Жаратылыстың үйлесімі үшін жыр жырлай бер, ағыңнан ақтарыла бер, күн шыққан сайын күліп ояна бер, сәулелі сәттерің, шаттықты шақтарың көп болсын, ақ тілеулі асыл қарындасым.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ